

*Толенбергенова Н.*

## ДИСКУРСТЫ СӨЙЛЕСІМДЕР ӘДІСТЕМЕСІ

*Толенбергенова Н.*

### МЕТОДИКА ДИСКУРСНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ

*Статья отражает логику описания сущности дискурса, начиная с понимания, структуры и оканчивая применением на уроках казахского языка.*

*Clause reflects logic of the description of essence discurs, since understanding, structure and ending in lessons of the Kazakh language.*

**Дискурс** (фр. discourse, ағылш. discourse, латынның discursus ерсілі-қарсылы, қозғалыс, шыр айналу, әңгіме, сөйлесім) тілдік қызметтің үрдісі, сөйлеу, сөйлеу тәсілдері дегенді білдіреді.

Дискурс терминінің көп мәнділігі оның лингвистика, әдебиеттану, семиотика, социология, философия мен этнология және антропология ғылымдарында пайдаланылуына байланысты. Бүгінгі күні «дискурс» терминінің мән-мағынасын жан-жақты ашатын нақты анықтама жоқ, сондықтан да болар соңғы жылдары бұл термин ғылымда кең танымал болып, сөйлеу, мәтін, стиль жайлы қалыптасқан түсініктердің мазмұнын толықтыруда.

1999 жылы орыс тілінде жарық көрген дискурсты талдаудың француз мектебінде П.Серио дискурс терминіне сегіз түрлі анықтама береді. Дискурс терминінің көп мәнділігін сөзге қоятын екпіннен де аңғаруға болады: бұл сөздің бірінші, екінші буынына да екпін қойыла береді. Соңғы кездері «дискурс» терминінің үш түрі жиі кездеседі. Біріншіден, дискурстың лингвистикалық қолданылымы. Дискурс терминін алғашқы рет 1952 жылы американ лингвисті З.Харрис өзінің мақаласында қолданады. Ал лингвистикада бұл терминге деген талаптылық жиырма жылдан кейін ғана пайда болды. «Дискурс» терминінің лингвистикада қолданылуы алуан түрлі, алайда көбінесе сөйлеу, мәтін, және диалогтың қалыптасқан ұғымдарын нақтылау мақсатында пайдаланылады. Сөйлеуден дискурса өту Ф.де Соссюрдың тіл мен сөйлеудің классикалық қарама-қайшылығына үшінші өзгеше ұғымды енгізуінен туған.

Дискурс, біріншіден, тілдік қарым-қатынастағы сөйлеу ретінде қарастырылады. Н.Д. Арутюнованың пайымдауынша, «Дискурс - өмірден алынған сөйлеу». «Дискурс» термині қазіргі лингвистикада мазмұны жағынан «мәтін» деген ұғымға жақын, алайда дискурс қозғалыстығымен, көп сырлылығымен, әсерлігімен ерекшеленеді, ал мәтін орныққан

нысан ретінде қабылданады. Кейде дискурсты екі сыңарлы деп атайды: біріншіден, әсерлі тілдік шығармашылық, екінші сыңары нәтиже. Дискурсты осы қырынан ұғу шындыққа жақын тәрізді. Дискурсты «Қисынды мәтін» деп атау дұрыс емес сияқты, себебі кез келген мәтін қисынды, байланысты беріледі.

Дискурс терминіне диалог ұғымы да жақын. Дискурс кез-келген қатысым, сөйлесім ретінде екі адамның болуын талап етеді – сөйлеуші (автор) және тыңдаушы.

Сөйлесу барысында екеуінің орны ауыса беретін жағдайда диалог болады да, егер дискурстық сөйлесімнің барысында сөйлеуші бір адам болса, ондай дискурс монолог деп аталады. Монологта бір адам ғана қатысады деген қате болып табылады. Монологта да тыңдаушы қажет. Көп уақытқа дейін монолог пен диалог ұғымдары қарама-қайшы ұғымдар деп түсініліп келді. Қалыптасқан әдістемеді «Мәтін» және «Диалог» ұғымдары өз орындарында қолданылмады, сондықтан олардың орнына сөйлесімнің барлық ерекшеліктерін жинақтаған «Дискурс» терминін қолдану ыңғайлы сияқты. Ғылымда дискурсты әр түрлі бағыттағы екі топ зерттейді. Бірінші топ дискурстың құрылымын зерттесе, екінші топ тыңдаушының түсінігін қарастырады. Оларға этнолингвистикалық зерттеулерді алуға болады. Бұл зерттеулермен шұғылданған ғалымдар әр түрлі тілдердің ауыз әдебиетін жазып, талдаған. Әсіресе бұл бағытта Франц Боастың басшылығымен америкалық этнолингвистика өкілдері көп еңбектенген.

Екіншіден, Вилем Матезиус ашқан чех лингвистикалық мектебін атауға болады. Бұл мектеп тақырып және мәтіннің коммуникативтік ұйымдастырылуы сияқты ұғымдарға деген қызығушылықты ашты. «Дискурсты талдау» терминін алғашқы рет 1952 жылы Зеллиг Харрис қолданған. Осы кезде «Дискурсты анализ» (Дж.Браун, Дж.Юл, 1983), «Ауызекі сөйлесу диалогын зерттеулер» (редакторлар – Дж.Аткинсон және Дж.Херитидж, 1984), 4 томды «Дискурсты зерттеулер» (Т.ван Дейк, 1985), «Дискурсты суреттеу» (С.Томпсон және У. Манн, 1992), «Дискурстың транскрипциясы» (Дж. Дюбуа, 1993) т.б.

Дискурс – пәнаралық зерттеулердің нысаны. Теориялық лингвистикамен қатар компьютерлік дискурс және жасанды интеллект, психология, философия және логика, социология, антропология және этнология, әдебиеттану мен семиотика, теология т.б. дамып келеді. Аталған пәндер дискурсқа әр түрлі қырынан қарайды. Дегенмен лингвистикалық дискурсты талдауға да септіктерін тигізіп жатады. Сондай пәннің бірі – социология.

Дискурстың қандай түрлері бар екен деген мәселені зерттедік. Біріншіден, хабарды беру бойынша дискурс ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Көп жылдар бойы жазбаша дискурс қажетті болып саналғанмен, ауызша дискурс негізі болып табылады. Ауызша дискурста кез-келген тақырыптың туындауы мен түсінуі спонтанды түрде өтсе, жазбашада жоспарлы түрде өтеді. Сонымен қатар жазылымды дискурстың жылдамдығы ауызша дискурстен 10 ретке бәсең, ал оқудың жылдамдығы ауызша сөйлеу жылдамдығынан әлдеқайда жоғары. Соның нәтижесінде бір-бірінен екпіндік іркіліспен алшақтаған түрткілер арқылы дискурсты сөйлеу пайда болады. Жазбаша дискурста айтушы мен тыңдаушының арасында тығыз байланыс болмаса, ауызшада айтушы мен тыңдаушы әр түрлі сөйлесім әрекеттеріне түседі. Ауызша дискурста есімдіктің 1, 2 жақтары кеңінен қолданылады, ал жазбаша дискурста айтушы мен тыңдаушының белгілі хабарламада алатын орны әлсіз көрінеді де, етістің әр түрлі формалары кеңінен қолданылады. Мәселен, ғылыми эксперименттің сипаттамасын жазып отырған ғалым «Бұл құбылыс бір-ақ рет орын алды», - деп жазса, ауызша сипаттамасында «Мен бұл құбылысты бір рет бақыладым», - деп айтады. Бірнеше мыңдаған жылдар бұрын жазбаша тіл айтушы мен тыңдаушының ара қашықтығын өзгерту үшін пайда болған. Мұндай өзгерту ерекше технологиялық жаңалық – хабарды жеткізу заттарының пайда болуымен іске асқан. Ең басында саз балшықтан жасалған тақтайлар, папирустар болса, уақыт өте келе басылымды, телефон, радио, пейджер және автожауап, электронды пошта арқылы сөйлескен дискурстарға жетіп отырмыз. Аталған дискурстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Электронды пошта арқылы хабарласудан тұратын дискурс 10-15 жыл бұрын елеулі жаңалық болып табылып, ауызша және жазбаша дискурстың ортасында тұр. Ол жазбаша дискурс тәрізді хабардың графикалық әдісін қолданса, ауызша дискурстың жылдамдығын алады. Talk бағдарламасында екі сөйлесуші адам компьютерлік жүйе бойынша сөйлесімге түсіп, экранның бір жағынан диалог жазылса, екінші жағындағы тыңдаушы оны экраннан оқып үлгереді.

Электронды қарым-қатынасты зерттеу – бүгінгі тілшілердің алдарында тұрған қомақты міндеттердің бірі.

Ғалымдар дискурстың құрылысына ерекше назар аударады. Олар дискурстың әр түрлі деңгейлерін көрсетеді. Оларға әңгіменің бөлімдері, газет мақаласының абзацтары, ауызша диалогтардағы қысқа сөйлесімдерді жатқызуға болады. Көлемді дискурстардың арасында шекаралық қатынастар бар, олар бір-бірімен ауызша дискурста интонациялық үзілістер, ерекше лексикалық бірліктер, көмекші сөздер мен сөз тіркестері арқылы байланысады. Дискурстың құрылысымен Е.В.Падучева, Т.ван Дейк, Т.Гивон сияқты ғалымдар шұғылданған.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында өтілетін қазақ тілі сабақтарында дискурстың ауызша, жазбаша түрлеріне ерекше көңіл бөлінеді. Төменде орыс аудиториясының бастауыш топтарында қолданылатын дискурстың бірнеше түрінен мысалдар беріп отырмыз:

#### Кездесу (Встреча)

- Мынау қандай ойда жоқтағы кездесу!!
- Сені де көретін күн болады екен ғой, Алексей!!
- Амансың ба, қайда тұрасың, халың қалай?
- Амансыңба, мен Алматыда тұрамын, халым жақсы. Өзің осында тұрасың ба?
- Иә, мен осында тұрамын, әйелім, екі балам бар. Өзің үйлендің бе, (Тұрмысқа шықтың ба?) көп уақытқа дейін үйленбей жүр едің?.
- Үйлендік қой, бірақ кеш (ерте) үйлендім, балам бір жасқа ғана толды биыл.
- Бәрекелді, сен жас әке екенсің ғой, менің қызым университетте оқиды, ұлым бесте. Түк етпейді, игіліктің ерте-кеші жоқ, балаң тез-ақ ер жетіп кетеді, қара да тұр.
- Енді екеуіміз осылай көшенің ортасында тұра береміз бе? Жүр дәмханаға барып, дәм алып, асықпай әңгімелесейік.
- Жақсы, кеттік. Барсақ барайық, бірақ менің бір-ақ сағат уақытым бар, сонан кейін бір кездесуге барушы едім.
- Жүр, барайық, осындайда бармағанда қашан барамыз.
- Рахмет, бүгін бара алмаймын, уақытым жоқ.

#### Дастархан дәмханасында (в кафе

#### «Дастархан»)

- Сергей, анда-санда достармен осы дәмханаға келіп, әңгімелесеміз. Бұл дәмхана тамақтың түр-түрін өте дәмді дайындайды.
- **Ішкі жиналымы** да ойланып құрастырылыпты, дәмді әзірлейтіндіктен ғой, адамдар да баршылық екен.

- Сергей, жүр ана төрдегі оңаша үстелдің басына жайғасайық, әңгімемізге ешкім бөгет жасамайды, асықпай тамақтанамыз.

- Жақсы, жүр жайғасайық.

- Сергей алдындағы **дастархан мәзірінен** ұнататын тағамдарыңды таңдай бер, мен де қарайын.

- Алексей, сен менен көбірек кафеге баратын сияқтысың, сондықтан мен сенің таңдаған тамағыңның бәрін жақсы көріп жеуге дайынмын.

- Жарайды, онда біз **суық тағамнан пісірілген қазы, қарта, ашкөк пен ақжелкен қосылған қырыққабат және қазақша асылған ет** алайық. Ал ішімдік жаққа қалай қарайсың?

- Мен ішімдік жағына онша жоқпын, бірақ мына кездесуімізді атап, **біраз коньяк** (ақ арақ, қызыл шарап, ақ шарап, сыра) **ішейік**.

- Жақсы, **даяшы** біздің тамақтарымызды әкелгенше, әңгімелесейік.

- Алексей, өзің қандай **қызмет** атқарып жүрсің?

- Мен «**Дан Компьютерс**», «**Купи комп**» дүкендерінің директорымын.

- Өзің қандай **қызмет** атқарып жүрсің?

- Ал **менің жеңіл машиналар сататын, жөндейтін салондарым** бар. Бір сөзбен айтқанда, өзімнің отбасыма жұмыс істеймін.

- Міне, тамақ та келіп қалды. Тамақ ішейік.

- **Асың тәтті, жұғымды болсын.**

- Өзің де тілейтінім сол.

- Сергей, «**Дастархан**» кафесінің тамағы өзіңе ұнады ма?

- Рахмет саған Алексей, **тамағы өте дәмді екен.**

- Сергей, сен қазір не істейсің?

- Мен қазір **темір жол вокзалына** билетке барамын.

- Онда жүр мен сені **вокзалға** дейін апарып тастайын.

- Рахмет саған, Алексей, **сені кездестіргенім қандай жақсы болды.** Алматыға келгенде **міндетті түрде** маған телефон соқ, жарайма?

- Жарайды, **міндетті түрде.**

#### **Дәмханада**

- Өсетбек, бүгін сабақтан кейін кафеге барып, бір демалып, асықпай әңгімелесейікші.

- Барсақ барайық, бірақ 2-3 сағаттан көп отырмайықшы, мен жолдасыма 21.00-ден кешікпей келемін деп едім.

- Ал қай кафеге барамыз?

- Тамақ қана ішсек, «**Дастарханға**» барайық. Сен қалай қарайсың?

- Сонда барсақ та болады.

- Мына залында темекі шегетіндер отырады, жүр ана залына өтейік, онда тазарак, әрі тыныш.

- Ал ас мәзірін қарайық, не бар екен бүгін?

- Палау жейміз бе әлде мәнті аламыз ба?

- Мен мына «**Бас аспаздың**» арнайы дайындағандырынан бірдене алғым келеді. Сен олардың дәмін білесің бе?

- Жоқ, білмейді екенмін, соны алайық, тағы да нан, сүтті 4 кесе шай алайық.

- «**Бас аспазшыдан**» тағамын қара қандай мол: қуырылған ет, көкөністерден бұршақ, картоп, сәбіз, қызанақ, мынау бір керемет нәрсе ғой.

- Ал асымыз тәтті, жұғымды болсын.

- Сенің де тағамың қоным болсын.

- Биылғы көктем жай түсті, астық жағы қалай болар екен?

- Ол енді жазғы жаңбырға да байланысты ғой.

- Оңтүстікте күн өте жылы дейді, көкөністердің бірінші кезегін жинап та алған шығар.

- Осы кафеде үнемі сәбіз, асқабақ, картоп қосқан тағамдар көптеп әзірленеді. Көкөністерді оңтүстіктен әкеледі деп естідім. Қашан келмесең адам көп, бірақ тез-ақ тапсырған тағамыңды әкеліп береді.

#### **Академия асханасында**

- Құралай, бүгін түсте біздің **асханадан** тамақ-танамыз ба, әлде **дәмханаға** барамыз ба?

- Өзіміздің **асханадан** тамақтанайықшы.

- Онда жүр қазір барайық, сағат 12ден 30 минут кетіпті, әйтпесе **кезекте** көп уақыт тұрып қаламыз.

- Жүріңіз, кеттік

- **Ыдыс-аяқ таситын табақтар** бересіздер ме?

- Қазір әкеліп береміз.

- Құралай, **ас мәзірімен** танысып шығайықшы. Бүгін қандай тамақтар бар екен?

- Маған **кеспе көженің жарты (толық) үлесін** (орам жапырақты сорпа, тұзды қиярдан жасалған қышқылтым көже, тұздықты сорпа, бұршақ көже, картопты көже, қарақұмықты көже, сүт көже, қызылшадан жасалған көже т.б.) беріңізші.

- Мінекей, алыңыз.

- Менің бүгін қарным ашып тұр, сондықтан мен **қызылшадан жасалған көженің толық үлесін** ішемін.

- Құралай, ал **екіншіге** не аламыз?

- Мен **қуырдақтың** (қарақұмық (гречневая), майда жарма( манная), тары (пшеница) ботқа-сы, сиыр етінің (говяжье), овощные(көкөніс), булама (паровые), рубленые (турама), балық (рыбные) котлеттері, бифштекс, мәнті, палау, тұшпара, орама, қуырылған балық, булама балық) **толық үлесін** аламын.

- Ал мен ірімшік қосылып қуырылған **сыыр етінің толық үлесін аламын**, бірақ маған **тұздық** құймаңызшы.

- Міне, алыңыздар.
- Құралай, мына жердегі **самсалардың** (порожки) әдемілігін қарай ғой, дәмді шығар, бір-бірден алып жейік.
- Алсаңыз алыңыз, ал мен алмаймын, маған аздап жүдеу керек.
- Солай ма, онда маған да жеуге болмайды.
- Бізге екі пиала **шай** құйып беріңізші, біреуін **сүтпен**, екіншісін **лимонмен**.
- Жақсы, міне, алыңыздар.
- Құралай, **асың жұғымды болсын**.
- Сіздің де **асыңыз жұғымды болсын**.

Сонымен, қазақ тілі сабақтарында магистрант-тардың әр түрлі тақырыптарда сөйлесімдерін дамыту үшін дискурстық сөйлесімді қолдану өте тиімді.

## ӘДЕБИЕТ

1. Вартанян Г.А., Петров Е.С. Эмоции и поведение. Л.: Наука, 1989.
2. Вилонас В.К. Основные проблемы психологической теории эмоций. Психология эмоций. Тексты. М., 1984.
3. Леонтьев В.О. Классификация эмоций. Одесса: 2001.
4. Н. Секунов. Обработка звука на РС. – СПб.: БХВ-Петербург, 2001.
5. Фант Г. Акустическая теория речеобразования. – М.: Наука, 1964.
6. Долотин К.И. Эмоциональная интонация: проблема контекстуальной обусловленности признаков – 2000. <http://www.philol.msu.ru/rus/gom/arsol/dolot.htm>
7. Кривнова О. Ф. Генерация тонального контура фразы в системах автоматического синтеза речи.
8. Калюжный М.В. К вопросу о локализации эмоциональной компоненты в речевом сигнале. – 2004. [kalugny.narod.ru/arts/EC-localization.doc](http://kalugny.narod.ru/arts/EC-localization.doc)